Әділет

# Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемнің мөлшермелерін (бір жағы үшін) бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған XXIV сессиясының 2003 жылғы 27 ақпандағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 4 сәуірде N 521 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 164 шешімімен

*Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008.12.22 N 164* шешімімен .

Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" Кодексінің 489-492 баптарына сәйкес және Алматы қаласының әкімінің ұсынысы бойынша II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемнің мөлшерлемелерін (бір жағы үшін) бекіту (тіркелген).

1-1. N 2 қосымшаға сәйкес темекі және темекі бұйымдарының сыртқы және көрнекі жарнамасын оларды сататын орындарда орналастыру және Алматы қаласының аумағында осындай орындарды белгілеу үшін ай сайынғы төлем мөлшерлемелерінің көлемдері бекітілсін, қоса беріліп отыр.

*Ескерту. 1-1 тармақша енгізілді - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XII сессиясының 2005 жылғы 28 қаңтардағы N 113* шешімімен .

1-2. Темекі және темекі бұйымдарын орналастырудан түскен қаражат халықтың денсаулығын қорғау үшін пайдалануға, бюджет кірісіне жіберілсін.

*Ескерту. 1-2 тармақша енгізілді - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XII сессиясының 2005 жылғы 28 қаңтардағы N 113* шешімімен .

2. 29.12.2001 ж. II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XIV-ші сессиясының "Алматы қаласы бойынша жер учаскелеріне, салық мөлшерлемелерін, алымдар мен төлемдерді бекіту туралы" шешіміне жасалған N 7 қосымшасының күші жойылған деп санау.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды экономика және өндірісті дамыту мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына (Шелипанов А.И.), Алматы қаласы

Әкімінің орынбасары А.З. Мурзинге, Алматы қ. бойынша салық комитетінің төрағасы Қ.Қ.Нұрпейсовқа жүктеу.

*Ескерту. 3 тармақ өзгертілді және толықтырылды - Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған XXV сессиясының 2003 жылғы 11 маусымдағы* шешімімен .

*II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XXIV-сессиясының төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы*

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2003 жылғы 27 ақпандағы XXIV-ші сессиясының шешіміне қосымша

**Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемнің мөлшерлемелері (бір жағы үшін)**

*Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда жазылды - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 29 шілдедегі N 68* шешімімен .

*Қосымшадағы мөлшерлемелер кестесінің 1.1., 2.1., 3.1., 4.1., 5.1., 6.1., 7.1., 8.1 .тармақтары және қосымшаға ескертпедегі 4 тармақтың күші 2004 жылғы 1 қазанға дейін қолданылады.*

*Кестедегі 7 жол жаңа редакцияда жазылды - III-сайланған Алматы қалалық мәслихатының XXIII сессиясының 2006 жылғы 15 мамырдағы N 250* шешімімен .

*Кестедегі 8, 9, 9.1., 9.2. тармақтары алынып тасталды - III-сайланған Алматы қалалық мәслихатының XXIII сессиясының 2006 жылғы 15 мамырдағы N 250* шешімімен .

*Кесте 10, 10.1, 10.2 тармақтарымен толықтырылды - III сайланған Алматы қалалық мәслихатының XXX сессиясының 2007 жылғы 5 маусымдағы N 360* шешімімен .

*Кесте 11, 11.1, 11.2, 11.3, 12, 12.1, 12.2, 12.3, 12.4, 13, 13.1, 13.2, 14, 14.1, 14.2, 14.3, 14.4, 14.5, 14.6, 15 тармақтарымен толықтырылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының IV сессиясының 2007 жылғы 31 қазандағы N 27* шешімімен .

| N | Жарнама түрі | Төлем ақы мөлшерлемелері |
|---|---|---|

| | | Ай сайын алынатын | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "А" катего-риясы | "В" катего-риясы | "С" катего-риясы | Ескерту |
| 1. 1.1. | Көлемі 2.ш.м дейінгі көрсеткіштер, маңдайшалар, ақпарат қалқандары (нысан үшін). Темекінің жарнамасы | 3 4,5 | 2 3 | 1 1,5 | 4 ескерту |
| 2. 2.1. | Лайтбокстер (сити форматты) Темекінің жарнамасы | 6 9 | 3 4,5 | 2 3 | 4 ескерту |
| 3. 3.1. | Көлемі 2-ден 5 ш.м. дейінгі жарнама-ақпараттық нысан-дар Темекінің жарнамасы | 1 0 15 | 5 7,5 | 3 4,5 | 4 ескерту |
| 4. 4.1. | Көлемі 5-тен 10 ш.м. дейінгі жарнама-ақпараттық нысандар Темекінің жарнамасы | 2 0 30 | 1 0 15 | 6 9 | 4 ескерту |
| 5. 5.1. | Көлемі 10-нан 20 ш.м. дейінгі жарнама-ақпараттық нысандар Темекінің жарнамасы | 4 0 60 | 2 0 30 | 1 0 15 | 4 ескерту |
| 6. 6.1. | Көлемі 20-дан 30 ш.м. дейінгі жарнама-ақпараттық нысандар Темекінің жарнамасы | 6 0 90 | 3 0 45 | 1 5 22,5 | 4 ескерту |
| 7. 7.1. 7.2. | Жарнамалық-ақпараттық нысандардың алаңдары 30-дан 50 ш.м. дейін 50-ден 70 ш.м. дейін 7.3. 70 ш.м. астам | 1 0 0 1 4 0 200 | 5 0 7 0 100 | 2 5 3 5 50 | 4 ескерту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 .<br>8.1. | *Алынып тасталды ( V06R705)*<br>Темекінің жарнамасы | 4,5 | 3 | 1,5 | 4 ескерту |
| 9 .<br>9.1.<br>9.2. | *Алынып тасталды ( V06R705)*<br>*Алынып тасталды ( V06R705)*<br>*Алынып тасталды ( V06R705)* | | | | 4 ескерту |
| 10.<br>10.1<br>10.2 | Шатыр үстіндегі неондық жарнама құрастырма-лар (сәулелі панно немесе көлемді неондық әріптер):<br>30 ш.м. дейін<br>30 ш.м жоғары | 30<br>50 | 30<br>50 | 30<br>50 | |

*Кестенің жалғасы*

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11.<br>11.1.<br>11.2.<br>11.3 | Палаткаларда, тенттерде, шатырларда, жаппаларда, қалқашатырларда, жалауларда, вымпелдерде, штандарттардағы жарнама:<br>10 шаршы метрге дейін<br>5 шаршы метерге дейін<br>5 дан 10 шаршы метрге дейін<br>10 шаршы метрден жоғары | 1<br>2<br>5 | 1<br>2<br>5 | 1<br>1<br>4 | |
| 12<br>12.1.<br>12.1. | Уақытша үлгідегі дүңгіршіктерде және павильондарда:<br>2 шаршы метерге дейін<br>2 нан 5 шарша метрге дейін | 3<br>4 | 2<br>3 | 2<br>2<br>3<br>5 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12.2.<br><br>12.3 | 5 нан 10 шарша метрге дейін<br><br>50 шаршы метрден жоғары | 5<br><br>15 | 4<br><br>10 | | |
| 1 3 .<br><br>1 3 . 1<br><br>13.2 | Көлік құралының сыртқы жағындағы жарнама ( бірлік үшін):<br>Автобустар, троллейбустар, трамвайлар, жүк тасымалдаушы және басқалар (жүк көтерімі 1,5 тоннадан жоғары)<br>Шағын автобустар, таксилер, жеңіл автомобильдер (жүк көтерімі 1,5 тоннаға дейін) | 1 5<br><br>5 | 1 5<br><br>5 | 1 5<br><br>5 | |
| 1 4 .<br><br>14.1.<br>14.1.<br>1 4 . 2 .<br><br>1 4 . 3 .<br><br>1 4 . 4 .<br><br>14.5. | Сырты (көрнекі) жарнаманы орналастыру үшін арнайы жабдықталған автокөлік құралындағы жарнама (панно, қалқан, лайтбокстар және басқалар) бір жағы үшін:<br>2 шаршы метерге дейін<br>5 шаршы метерге дейін<br>5 тен 10 шаршы метрге дейін<br>10 нан 20 шаршы метрге дейін<br>20 дан 40 шаршы метрге дейін<br>40 шаршы метрден жоғары | 5<br>30<br>7 0<br><br>1 0 0<br><br>1 2 0<br><br>150 | 5<br>30<br>7 0<br><br>1 0 0<br><br>1 2 0<br><br>150 | 5<br>30<br>7 0<br><br>1 0 0<br><br>1 2 0<br><br>150 | |
| 15. | Шығарылған жарнамалық құрастырмалар ( штендерлер): | 20 | 20 | 20 | |

Ескерту. 1. Төлем ақы мөлшерлемелері қолданыстағы айлық есептік көрсеткіштің көлемімен есептеледі.

2. *алынып тасталды - III-сайланған Алматы қалалық мәслихатының XXIII сессиясының 2006 жылғы 15 мамырдағы N 250* шешімімен .

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары олардың өз функцияларын жүзеге асыруға байланысты орналастырған сыртқы (көрнекі) жарнама нысандары бойынша ақы төлеушілер болып табылмайды.

4. Темекі өнімдерінің жарнамасын көліктің барлық түрлерінде, құрылғылар мен ЖПБ жол белгілерінде орналастыруға тыйым салынады.

5. Төленген төлем ақы сомалары қайтарылмайды.

6. Категориялар бойынша Алматы қаласының негізгі алаңдары мен магистральдарының тізімі:

**"А" категориясы:** Жамақаев көшесі,«"Самал-1"»ықшам ауданы, "Самал-2" ықшам ауданы, "Самал-3" ықшам ауданы, Пушкин көшесі, Жароков көшесі, Достық даңғылы автожолынан "Медеу" мемлекеттік табиғи аумағының

шекарасына дейін, Абай д., Әл-Фараби д., Абылай хан д., Достық д., Фурманов к-сі, Астана алаңы, Республика алаңы, Сәтпаев к-сі, Қонаев к-сі, Сүйінбай д., Саин д., Сейфуллин д., Қажымұқан к-сі, Байтұрсынов к-сі, Достық - Әл-Фараби зәулім жолы, Алтынсарин к-сі, Райымбек д., Рысқұлов д., Желтоқсан к-сі, Гоголь к-сі, Жібек жолы к-сі, Төле би к-сі, Қабанбай батыр к-сі, Мақатаев к-сі, Б.Майлин к-сі, Өтеген батыр к-сі, Гагарин д., Хмельницкий к-сі, Солтүстік шеңбер, әуежай, авто және теміржол вокзалдары, Розыбакиев к-сі, Ш.Қалдаяқов к-сі, Наурызбай батыр к-сі, қаланың кіре берістері мен шыға берістері, Тимирязев к-сі, Б.Момышұлы к-сі, спорт шаралары мен мәдени бұқаралық демалыс орындары, Жандосов к-сі, Масанчи к-сі, Мәметова к-сі, Құрманғазы к-сі, Т.Озал к-сі, Жолдасбеков к-сі, Меңдіқұлов атындағы бульвар, Панфилов к-сі (Әл-Фараби д. Төмен), М.Ганди к-сі, Әуезов к-сі.

**"В" категориясы** : Бөгенбай батыр к-сі, Марков к-сі, Шаляпин к-сі, Манас к-сі, Тілендиев к-сі, Навои к-сі, Мұстафин к-сі, Шемякин к-сі, "Алмагүл" ықшам ауданы, "Қазақфильм" ықшам ауданы, "Айнабұлақ" ықшам ауданы, Байзақов к-сі , Щепкин к-сі, Қазыбек би к-сі, Әйтеке би к-сі, Мұқанов к-сі, Торайғыров к-сі, " Орбита" ықшам ауданы, Панфилов к-сі, Жансүгіров к-сі, Айманов к-сі, Жамбыл к-сі, А.Шарипов к-сі, Қожамқұлов к-сі, Қарасай батыр к-сі, Шевченко к-сі.

**"С" категориясы:** "А" және "В" категорияларына кірмеген барлық қалған магистральдар, алаңдар мен көшелер.

*Ескерту: 6-тармаққа өзгерту мен толықтыру енгізілді - III-сайланған Алматы қалалық мәслихатының XXIII сессиясының 2006 жылғы 15 мамырдағы N 250* шешімімен .

*II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XXIV-сессиясының*

*төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының*

*хатшысы*

"Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғандығы үшін ай сайынғы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы"
II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының
2003 жылғы 27 ақпандағы XXIV-сессиясының шешіміне
N 2 қосымша

**Темекі және темекі бұйымдарының сыртқы (көрнекі) жарнамасын оларды сататын орындарда орналастырғандығы және Алматы қаласының аумағында осындай орындарды белгілеу үшін айлық есептемелік көрсеткіштердегі (АЕК) Ай сайынғы төлемінің мөлшерлемелері**

*Ескерту. 2 қосымша енгізілді - ІІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XII сессиясының 2005 жылғы 28 қаңтардағы N 113* шешімімен .

| Жарнама түрі | Ай сайынғы төлем мөлшерлемесі |
|---|---|
| 1. Сауда орындарындағы 1 ш.м.-ға дейінгі жарнама алаңы | 60 АЕК |
| 2. Сауда орындарындағы 1 ш.м.-дан жоғары жарнама алаңы | 600 АЕК |
| 3. Темекі және темекі бұйымдарының сауда орындарын белгілеуге арналған көлемі 1 ш.м. дейінгі жарнама нысанасы | 500 АЕК |
| 4. Темекі және темекі бұйымдарының сауда орындарын белгілеуге арналған көлемі 1 ш.м.-дан жоғары жарнама нысанасы | 1000 АЕК |

*ІІІ-сайланған Алматы қаласы Мәслихаты кезектен тыс XII-ші сессиясының төрағасы*

*ІІІ-сайланған Алматы қаласы Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК